

№2 қамқоршылық кеңестің хаттамасы
«Балбөбек» бөбекжай» КМҚК Шет ауданы Ақадыр кенті

Күн тәртібі:

Өткізілген: 04 желтоқсан 2023 жыл

Қатысқан ата – ана саны – 25

Тақырыбы: Бөбекжайдағы балалардың тамақтануын ұйымдастыру сапасын бақылау.

1. Бөбекжайда жүргізілетін науқастанудың алдын алу және сауықтыру шаралары бойынша жұмыстармен танысу.

1-мәселе бойынша

Тыңдалды:

Бөбекжай меңгерушісі мен медицина қызметкері балалардың тамақтануын ұйымдастыру жұмыстары туралы ақпарат берді. Тексеру барысында ас мәзірінің бекітілген нормаларға сәйкес жасалатыны, тағамдардың сапасы мен қауіпсіздігіне тұрақты бақылау жүргізілетіні айтылды. Азық-түлік өнімдерінің сақтау мерзімі мен сақтау шарттары талаптарға сай екендігі анықталды. Ас блогының санитариялық жағдайы қанағаттанарлық деңгейде екені көрсетілді.

Талқыланды:

Қамқоршылық кеңес мүшелері балалардың теңгерімді тамақтануын қамтамасыз ету, дәрумендерге бай тағамдарды көбейту және ата-аналарды күнделікті ас мәзірімен таныстыру жұмыстарын жалғастыру қажеттігін атап өтті.

Шешім қабылданды:

1. Балалардың тамақтануын ұйымдастыру жұмыстары қанағаттанарлық деп танылсын.
2. Ас мәзірінің сапасына тұрақты мониторинг жүргізілсін.
3. Санитариялық-гигиеналық талаптардың сақталуы тұрақты бақылауда ұсталсын.

2-мәселе бойынша

Тыңдалды:

Медицина қызметкері бөбекжайда жүргізіліп жатқан науқастанудың алдын алу және сауықтыру шаралары туралы баяндама жасады. Балалардың күнделікті таңертеңгілік сүзгісі жүргізілетіні, денсаулық жағдайы бақылауда екені, бөлмелердің жүйелі түрде желдетіліп, ылғалды тазаланатыны айтылды. Сонымен қатар дене шынықтыру сабақтары, сергіту сәттері, шынықтыру шаралары және маусымдық аурулардың алдын алу бойынша түсіндіру жұмыстары жүргізілетіні хабарланды.

Талқыланды:

Қамқоршылық кеңес мүшелері балалардың денсаулығын нығайтуға бағытталған жұмыстардың жүйелі ұйымдастырылып отырғанын атап өтті және профилактикалық жұмыстарды одан әрі жетілдіру жөнінде ұсыныстар білдірді.

